

Қ. Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде әлеуметтік педагогтің 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстар есебі.

Мақсаты мен міндеттері

Өткен оқу жылында әлеуметтік-педагогикалық қызметтің басты мақсаты — балалардың құқықтарын қорғау, олардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау және әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы оқушыларға жан-жақты көмек көрсету болды.

Негізгі міндеттер:

- Оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау.
- Мектептің әлеуметтік паспортын түзу.
- Жетім және қамқорлықтағы балаларға қолдау көрсету.
- Тұрмысы төмен отбасы балаларын тамақтандыруды ұйымдастыру.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу.

1.2. Мектептің әлеуметтік паспорты (Сандық көрсеткіштер)

Жыл басында мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік картасы жасалды:

- Жалпы оқушы саны: 345
- Көпбалалы отбасынан шыққан балалар: 225
- Аз қамтылған (тұрмысы төмен) отбасылар: 0
- Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар: 0
- Тірек-қимыл аппараты немесе денсаулық мүмкіндігі шектеулі жеке үйде оқитын балалар (МШБ/ЕБҚ): 0
- Жалғызбасты ана/әке тәрбиелеп жатқан балалар: 18
- Қолайсыз отбасылар саны: 0

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА СЕКТОРЫ

Әлеуметтік педагог өз жұмысында келесі ресми құжаттарды басшылыққа алды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы.
3. ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы.
4. ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу...» Заңы.
5. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен бұйрықтары.


2025-2026 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің №130 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:



I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы

2025-2026 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс оқу-тәрбие жоспарына сай жүргізілді. Оқу жылында оқушылар әлеуметтік санаттары көрсеткіштерге сәйкес болды (1-сурет).



II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – 0. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді.

Білім қорынан

№	Берілген заттың атауы	Бала саны	1 балаға есептелінгені	Барлығы
1	Қаржылай көмек	10	46 228	462280
	Барлығы	10	46 228	462280

Материалдық көмек: 2 оқушыға оқу- құралдары мен сумка берілді.

2025-2026 оқу жылында ыстық тамақпен 132 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

III. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық кеңестер берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасына қаржылай, материалдық көмек берілді.

Сынып жетекшілер жиналысында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ және әлеуметтік

мәртебеге ие оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала сыртындағы сауықтыру лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында АББ-нің және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Өткен оқу жылында 27 оқушы қала сыртындағы лагерьмен қамтылса, биылғы оқу жылында 20 оқушы «Төлеби Нұры» қала сыртындағы жағы сауықтыру лагерьмен қамтылды.



2-сурет. 2025-2026 жылы атқарылған жұмыстарға SWOT талдау

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке немесе анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы **әлеуметтік-педагогикалық кеңес** берілді.

Өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, Тәуекл тобындағы оқушыларға үй тұрмыстық зерттеу актісі түзілді. Сабаққа кешігіп келетін және сабақтан қалатын оқушылардың үйлеріне сынып жетекшілерімен бірге барып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды заттармен тамақтану, а болмайтыны туралы «**Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі**» тақырыбында 1,2,3,4,- сыныптарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Зорлық зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында АПБ ЮПТ қызметкерлерімен кездесу өткізілді.

5а, 5ә сыныптар «**Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны**» тақырыбында эссе жұмыстары алынды.

3а, 3ә сынып «**Буллинг дегеніміз не?**» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

6а,6ә, 7а,7ә сынып оқушылары арасында «**Темекі және улы заттардың зияндылығы**» жөнінде мәлімет бере отырып, сауалнама алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

8а, 8ә сынып оқушыларына «**Зорлық- зомбылыққа жол жоқ**» тренингі өткізілді.

Ата-аналар мен білім алушыларға буфеттік тамақтану және бір реттік тамақтандыру сапасына қанағаттану деңгейін анықтау сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

«**Орта білім беру ұйымында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар**» туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектептің ішкі тәртібінің орндалуы бойынша, мектеп формасын қадағалу мақсатында қыздар жиналысы жүргізілді.

«**Адал азамат**» **біртұтас тәрбие**» бағдарламасы аясында Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша ЮПТ қызметкерлерімен кездесулер өткізілді.

Оқу жылының басында білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

«**1 маусым - Балаларды қорғау күніне**» арналған мерекелік іс- шаралар өткізілді.

Қала сыртындағы «Төлеби нұры» сауықтыру лагеріне оқушылар қатыстырылды.

Әлеуметтік педагогтың 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстарының тиімді көрсеткіштері

2025-2026 оқу жылында жылдық жоспарға сәйкес, тамыз айында «Мектепке жол» акциясы болып өтті. Акцияны өткізудегі мақсат – мектептегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасыдан шыққан

оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету, мектепке келуіне жағдай жасау. Акцияны өткізу барысында мектепшілік бұйрық шығарылып, іс-шарасы түзілді.

Биылғы оқу жылында жалпыға міндетті білім қорынан бөлінетін қаржыға атаулы әлеуметтік көмек алатын және әлеуметтік мәртебеге ие 10 оқушыға жалпыға 46 228 тг көлемінде әр балаға ақшалай бөлінді. Қаржылай көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы, ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен жүзеге асырылды.

«Мектепке жол» акциясы аясында мектептегі әлеуметтік мәртебеге ие 2 оқушыға оқу- құралдары мен мектеп сөмкесі берілді.

2024-2025 оқу жылында қыркүйек айынан бастап, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы 77- қосымшасының «Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін ыстық тамақпен және барлық басатуыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету» жарлығы бойынша 1-4 сыныптың 132 оқушысына мектеп асханасынан бір мезгіл тегін ыстық тамақ беріле бастады.

Жалпы, әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың берілетін көмектің көрсеткіштері бюджет тарапынан (бір жолғы қаржылай көмек, мектепте бір мезгіл ыстық тамақ, қала сыртындағы лагерь) қолдау көрсетілді.

2025-2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар суреттері



ДТДЖО, сынып жетекші, әлеуметтік педагог сабаққа себерсіз келмей қалған оқушылардың үйіне бару сәтінен.



Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ақысыз үйірмеге қатысуын ұйымдастыру



6- сынып оқушылары мен «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны » туралы түсіндірме жұмыстары және тренинг жүргізіліп, сауалнама алынды



Мектеп формасымен мектеп ережесі туралы қыздар жиналысы



Оқушылардың ептілігіне және қаражатты үнемдеп басқаруды үйрету, еңбекқорлыққа баулу мақсатында 5-8 сынып аралығында ұйымдастырылған жәрменке, жәрменкеден жиналған қаражат сынып қажеттілігіне жұмсалды



Оқушылар арасында жағымды қарым – қатынас қалыптастыру мақсатында спорттық жарыс



Мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануына байланысты семинарға қатысу



Оқушылардың дұрыс тамақтану ережесін бақылау және асханаға ережесін ұстануын қадағалау сәтінен



Бракераж комиссия мүшелерінің азық- түліктің жарамдылық мерзімен балғындығын және асхана жұмыстарының дұрыс орындалуын қадағалау үстінде



10-сынып оқушыларымен жүргізілген тренинг



Аудандық ПҚ, психологпен және әжелер кеңесі мүшелерімен отбасында зорлық- зомбылыққа қатысты ата – аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді



Аудандық әкім шыршасына оқушыларды қатыстыру сәтінен



Оқушылардың мектеп ережелерін орындау, құқық бұзушылыққа жол бермеуге қатысты жалпы ата-аналар жиналысы



Жыл бойына өткізілген аудандық семинарлармен іс-шараларға қатысу сәтінен



Оқушыларды қала сыртындағы жазғы сауықтыру мақсатында аудандық «Төлеби Нұры» дагеріне қатыстырып, орналастыру сәтінен

Орындаған:
Әлеуметтік педагог Э. Тукишева